

МРНТИ 16.41.99

Оспан Ж. А.,¹ Қалыбаева Қ.С.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООНИМДІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі құрамында зоонимдік атаулары бар фразеологиялық бірліктерге танымдық әрі семантикалық талдау жасалған. Яғни екі тілдегі зоонимдердің фразеологиялық бірліктердің құрамдағы рөлі туралы, ондағы әлемнің тілдік бейнесін танудағы түркілік таным ортақтығы мен қалыптасқан айырмашылықтары жан-жақты талдауға түскен. Қазақ және түрік тіл біліміндегі жинақталған фразеология теориясына қатысты зерттеулердің аз еместігіне қарамастан, екі тілдегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу мәселесінде назар аударатын тұстар баршылық. Себебі, туыстас екі халықтың даму тарихында орын алған әлеуметтік, экономикалық жағдайлар, түрлі тарихи оқиғалар, екі халықтың өмір сүру ортасы сөзсіз тілдің дамуына да әсер етті. Әсіресе, ондай өзгерістер туыстас екі халықтың фразеологиялық қорына да, сонің ішінде зоонимдік фразеологизмдердің қалыптасуында да өз іздерін қалдырып отырды. Ұсынылып отырған мақаламызда біз түбі бір туыстас екі халықтың тіліндегі зооморфті фразеологизмдерді мәдениеттер қарым қатынасы аясында салыстыра қарастыруды басты назарға алып отырмыз.

Түйін сөздер: фразеологизм, қазақ тілі, таным, түрік тілі, зоонимдер, жылқы, түйе, ит

Ospan J.,¹ Kalybaeva K.²

^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

NATIONAL FEATURES OF ZOONYMIC PHRASEOLOGIES IN KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

Abstract

The article provides a cognitive-semantic analysis of phraseological units of the Kazakh and Turkish languages containing zoonymic names. In other words, the role of zoonyms of the two languages in the composition of phraseological units, commonality and differences in the formation of Turkic knowledge in recognizing the linguistic image of the world in it is analyzed in detail. Despite the fact that in Kazakh and Turkish linguistics there is a lot of research on the generalized theory of phraseology, there are many aspects of the comparative study of the phraseology of two languages. This is due to the fact that social and economic conditions in the history of the development of two kindred peoples, various historical events, the habitat of the two peoples undoubtedly influenced the development of the language. In particular, such changes left their mark on the phraseological fund of two related peoples, including the formation of zoonymic phraseology. In this article, we will focus on the comparison of zoomorphic phraseology in the languages of two peoples with similar roots in the context of intercultural communication.

Keywords: phraseology, Kazakh language, Turkic language, zoonyms, horse, camel, pig, dog

Ospan J.A.,¹ Kalybaeva K.S.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЗООНИМИЧЕСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ НА КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В статье проводится когнитивно-семантический анализ фразеологизмов казахского и турецкого языков, содержащих зоонимические названия. Иными словами, подробно анализируется роль зоонимов двух языков в составе фразеологизмов, общности и различия в формировании тюркского познания в распознавании языкового образа мира в нем. Несмотря на то, что в казахском и турецком языкознании ведется много исследований по обобщенной теории фразеологии, существует множество аспектов сравнительного изучения фразеологии двух языков. Это связано с тем, что социальные и экономические условия в истории развития двух родственных народов, различные исторические события, среда обитания двух народов, несомненно, повлияли на развитие языка. В частности, такие изменения наложили свой отпечаток на фразеологический фонд двух родственных народов, в том числе на формирование зоонимической фразеологии. В данной статье мы сосредоточимся на сравнении зооморфной фразеологии в языках двух народов со схожими корнями в контексте межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: фразеология, казахский язык, тюркский язык, зоонимы, лошадь, верблюд, свинья, собака

Кіріспе. Көшпелі ортадағы материалдық игілік пен оны иеленуші адам арасындағы бірегей, ажырамас байланысты білдіретін ұғым – мал-жан. Қазақтың бірі бірімен "Мал-жан аман ба?" деп амандасуында үлкен таным жатыр. Яғни, халық танымындағы мал –қазақы ортадағы материалдық игіліктерді толығымен қамтитын төрт түлікті, ал жан ұғымы оны иеленуші адам дегенді білдіреді. Бұл әрине қазақ халқының дүние танымындағы, ешкімге ұқсамайтын терең философиясының тереңдігін көрсетсе керек. Тіпті сонау ғасырлардан келе жатқан көне түркі тілдерінде жазылған ескерткіштерде де, ортағасырлық жәдігерліктерде де малға байланысты сөздер мен сөз тіркестері көп кездеседі. Айталық, М.Қашқаридің "Диуани лұғат ит-түрк" (XI ғасыр) сөздігінде алты жүз жиырма төрт (624) түлік атаулары кездеседі екен [1, 48 б.]. Демек барлық түркі халықтарына ортақ көне кәсіп түрі мал шаруашылығы болып отыр. Сондықтан да болар түркі халықтарындағы мал атаулары жалпы алғанда ортақ болып келеді. Дегенмен, фразеологизмдердің құрамында кездесетін зоонимдердің уәжділігі туыс тілдердің өзінде біркелкі еместігімен таңғалдырады. М.М. Копыленко түркі тілдеріндегі жануарлар атауларының фразеологизмжасаудағы уәждемелеріне әсер ететін негізгі факторларды төмендегіше атап көрсетеді: 1) түркі халықтарының өздерін қоршаған ортаға деген байқағыштық қасиетінің жоғары болуы; 2) тілдер аралық жануарлар атауларына байланысты дамыған омонимияның болуы; 3) жануар атауларының екінші бір жануар атауы арқылы белгілі мөлшерде дамуы [2, 32 с.].

Әдістеме. Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимді фразеологизмдерді салыстыра қарастыру мақсатында екі тілдегі фразеологиялық сөздіктердің материалына шолу жасалды. Фразеологиялық сөздіктер мен бірқатар зерттеу еңбектеріндегі теориялық материал талдауға түсті. Жинақталған мақалалар тарихи салыстырмалы тұрғыдан семантикалық және танымдық тұрғыдан қатарластыра салыстырылды.

Талқылау. Түркі халықтарында кең таралған малдың бірі түйе малы. Бұл малдың атауы түркі тілдерінің барлығында да кездесетін кең таралған бірден бір сөз. Башқұрт, татар тілдерінде "дее", "тәбә" қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде "түйе", қарашай тілінде "тюе", түркімен тілінде "дүйе", түрік тілінде "деве", ұйғыр тілінде "төгә", өзбек тілінде "туя", қырғыз, ойрат, шор тілдерінде "төө" түрінде кездеседі. Ал, М.Қашқари сөздігінде "деве, теви, теветей" [3, 160].

Қазақ халқының танымында түйе малы еркше киелі болып келеді. "Түйесі бардың киесі бар", "Көтерем деп түйедей безбе – салтанатың емес пе? Тебеген деп биеден безбе-қос қанатың емес пе? деп келетін оралымдар соның дәлелі. Қазақта түйе түлігін қастерлеп "ұлық" деп те атайды. Түйешіні "ұлық баққан" деп құрметтеп, оған көпшілік жиналған жерде төрдей орын берген. Фразеологизмдер құрамында түйенің атан, бура, аруана, інген, тайлақ, бота, нар деген түрлері кездеседі. Әр фразеологизмнің бойында түйе малының атауына байланысты олардың келбеті, қылықтары адамның іс әрекетімен астастырылады. Мысалы, нар бір өркешті ірі түйенің түрі. Оның ірілігін қазақ ірі адамға қатысты «нар атандай» деп қолданған. Тайлақ – ботаның бір жасар түрі. Бұл жаста тайлақты жетелеп жүруге қолайлы болу үшін мұрнын тесіп, мұрындық ктізген. Осыдан келіп тілде "мұрнын тескен тайлақтай" яғни, адамның біреуге бағынышты болғандығын суреттейтін фразеологизм келіп қалыптасқан. Түйе малы жалпы өте сезімтал, эмоцияға бай малдың түрі. Оның осы ерекшелігі бірқатар "қаңтардағы бурадай тісін қайрау "ашулану", нар бурадай шабыну "бой бермеу", боталаған

нардай зарлау "емірену", ботадай боздау "еңіреу, ағыл-тегіл жылау" секілді эмотивті фразеологизмдерде көрініс тапқан. Ел арасында түйе малының аса кешілдігі жайында аңыздар аз емес. Осының бір көрінісі түрік халқында "Deve kini": (сөзбе-сөз:түйе кегі). Көптен іште сақталған кегі бар деген мағынада қолданысқа енген. Кейбір түйе сөзімен байланысты фразеологизмдерде түрік халқының тарихы көрініс береді. Айталық "Ya bu deveyi güdersin, ya bu diyardan gidersin" фразеологизмі сөзбе сөз аударғанда "Не мен осы түйені бағып қағамын, не осы жерден жоқ боламын" яғни міндетке алған жұмысты тыңғылықты аяқтау керек, немесе бірдеңе алу үшін міндетті түрде орындалатын ережелер бар екенін білдіретін фразеологизм бар. Бұл фразеологизмнің қалыптасуына халық жадында қалған бір аңыз себепші болған. Аңыз бойынша бір замандарда үнділік махараджалардың бірі (патшаға билігі бар мемлекет басшысы) түйеге мініп қажылыққа барған екен. Қажылықта жүргенде қасына ерте барған уәзіріне өздері алып келген түйеге күтім жасауды қатаң түрде бұйырды.

"Уәзір, егер бұл түйе бірдеңеге ұшыраса, мен алдымен сені жауапқа тартамын. Күнде таңертең осы түйені жайылымда бағасыз, дұрыстап бақпасаң, мен сені бұл елден қуып шығамын" деген екен. Кедей уағызшы әр таң сайын түйе бақтаушы болып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Бірде елдің көрнекті данышпандарының досы оны көргенде таң қалды: Білдей уәзір түйені жайып: "Мынау не сұмдық? Сіз бұл салада не істеп жатырсыз? Бұл түйемен не болып жатыр?" деп сұрады. Уәзір жағдайын баяндап, "Ал, менің досым осындай. Мен не түйені жаямын, не осы елден кетемін" деп түсіндіріпті. Әрине бұл аңыз десек те, фразеологизмнің қолданысында түйе малына о бастан қалыптасқан халықтың құрметі жатқаны байқалады. [1, 286 б]. Түрік фразеологизмдерінің табиғатын зерттеген И.А. Меметов деген ғалымның мақаласында түрік халқында түйе малына көзқарас жайында мынадай дерек келтіреді: "Интересен и примечателен тот факт, что на востоке особое внимания заслуживает верблюды. В философии востока небосвод отождествляется с горбом людского бытия. Если для других народов моделью мира служит конь или волк, то для турок, арабов и персов верблюды является внесезным, вселенским существом" [1, 48 б.]. Түрік тіліндегі бірқатар фразеологизмдерге назар аударайық: Devede kulak: (сөзбе сөз: түйенің құлағындай ғана) Өте аз, мардымсыз деген мағынада. Бұл фразеологизм түйенің ірі денесіне біткен кішкентай құлағына қатысты қалыптасса керек. Аз мағынасында қазақ "түймедейді түйедей ету" десе, түрік жұрты "Pigeyi deve uartrak" яғни, битті түйедей ету деп қолданады екен. Deveyi havutuyla (hamutuyla) utmak: (сөзбе сөз: түйені ер тоқымымен асау) Жамандық жасау, ұрлау мағынасында. Қазақ тілінде осы мағынаға жақын келетін "түйені түгімен жұту" деген фразеологизм бар.

Ал, ат сөзімен қалыптасқан фразеологизмдер барлық түркі халықтарында оның ішінде қыпшақ тобында да кеңінен қолданылғанымен, олар әрқашан бір біріне сай келе бермейді. Жалпы ат сөзімен байланысты жасалған фразеологизмдердің қай қайсысы да бойында халықтың өткен өміріндегі рухани құндылықтарынан сіңірген. Соның бірі түркі халқы үшін жақсы ат міну үлкен абырой, ел алдында беделділіктің белгісі болғандығы аңғарылады. Бұл тілдердегі ортақ кездескен атқа міну фраземасының қыпшақ тілдерінің бәрінде сыйлы болу мағынасында кездесуі осыны дәлелдейді. Қазақ тіліндегі төрт түлік мал атауларын зерттеген С. Тоқтағұл төрт түлік атаулары ішінде жылқы атауларынан жасалған фразеологизмдердің аса мол екендігін айта келіп, «Жылқы малы ұғымынан туындаған тұрақты тіркестер қолданыс жиілігі жағынан басқа төрт түлікке қарағанда бірінші орынға ие. Төрт түлік мал атаулары ұйытқы болған екі мыңнан аса тұрақты тіркестер болса, соның ішінде бір мыңға жуығы тек жылқы атауы ұйытқы болған тұрақты тіркестер» деп көрсетеді.

Нәтиже. Қазақ тілінде ат жалын құшу "қаза болу, оққа ұшу", ат кекілін кесісу "араздасу, безу", ат бауырына алу «өлімші етіп сабау», ат құлағында ойнау "пысық, икемді" т.б. фразеологизмдерді атауға болады. Мысалы: Ат жалын құшты. Қален оның сойылын қағып жіберген бойы темір сүйменімен оны иықтың тұсына ала соқты. Қаба сақалды ат жалын құшты (Ә.Н.). Екінші жігіт кеп қартты камшының астына ала бастаған кезде, кесек денелі бір әйелдің қолындағы бақаны желкесінен тиіп, ат жалын құштырды (Қ.Ә.).

• Ат кекілін кесісті. Екеуін де бай жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ (Ғ.М.). Жаңа жылда жас балапан өсеміз, Байдан аулақ ат құйрығын кесеміз (А.Т.).

• Ат бауырына алды; Аттың бауырына алып, сабады. Атпен қуып, өлімші етіп сабады. Мысалы: Қаршадай жетім көдекті ат бауырына алады (А.Ә.). Сен неге қашасың деп, аттың бауырына алып сабады. (Қ.Е.).

• Ат жалын тартып мінді – "адам болды, ер жетті, азамат болды". Мысалы: Алыс елдің қонақтары бірсәрі болса, Тобықтының өзінен де ат жалын тартып мінген еркектен бірде біреу қалмағандай.

• Ат құлағы көрінбейді – 1) өте биік, өте ұзын. Мысалы: Шоқпардай сары торы тұр басын иіп, Көрінбес ат құлағы тоғай биік (І.Ж.); 2) ақ түтек боранға байланысты айтылады. Мысалы: Аспаннан жауып, жерден көтеріліп ат құлағы көрінбейтін ақ боран ұйтқып соқты-ай кеп (Ж.Мұз.).

• Ат құлағында ойнау – "пысық, өте икемді, жеңіл" (атқа мінуге құмар, шабандоз кісі туралы айтылады.). Мысалы: Қазақтың бес жасар баласы ат құлағында ойнауды ешбір мектептен оқыған жоқ (Ғ.Мүс.). Ат, жылқы атаулары барлық түркі халықтары үшін кеңінен танымал. Ал, қарақалпақ тілінде ат көтермес "сөз көтермейтін, ерке", атқа мину "қатарға қосылу", ат ойнату "басыну" секілді фразеологизмдер қолданылады. Татар.: атлы барып йәйәу қайтқан "атпен барып, жаяу қайтқан", ат койрогон тәйнәу ат құйрығын түю т.б.

Түрік халқы да жылқы малына аса үлкен құрметпен қарайтын халық. **Анатолияға** көшкен кезде жылқыға байланысты әдет-ғұрыптарын өздерімен бірге ала келеді. Түрік тұлпарының даңқы жан-жаққа тараған. Жылқы Селшұқты мен Османлы дәуірінде де түрік мәдениетіндегі орнын сақтады. Ғұн, Көктүрік, Селшұқты мен Османлы империялары жылқы үстінде тіршіліктерін жалғастырып құрылды. Дала мәдениетінің ең маңызды тақырыбы болған жылқы түрік шабуылдары арқылы Үндістанға, Иранға, Иракқа, Еуропаға және Жерорта теңізіне қарай тарады. Османлы дәуірінде мемлекеттің әртүрлі жерлеріне құрылған жылқы жайларында таңдаулы жылқыларды баптаған. Түріктер байрақ пен биліктің символы ретінде жылқының құйрығынан жасалған ту қолданған. Ту Османлы дәуірінде де жалғасқан. Түріктердің жылқы малына деген құрметі бірқатар фразеологизмдерінде орын алған.

• *At almadan ahur dikme (yapıyor)* сөзбе сөз: ат алмай тұрып, қора салма; Қазақ тілінде "тумаған сиырдың бұзауынан дәмету", яғни, әлі жоқ нәрсеге малдану деген мағынада қолданылса керек.

• *At ölirse yerine tay geçer* сөзбе сөз: ат өлсе, орнына тай келер; Қазақ тілінде «ат тұяғын тай басар»; яғни, заман ауысады, уақыт тоқтап қалмайды, ұрпақтар жалғаса береді деген мағынада жұмсалады.

• *El atıyla uzağa gidemezsin* сөзбе сөз: біреудің атымен ұзаққа кете алмассың, яғни, біреудің байлығы саған байлық болмайды деген мағынада қолданылады.

• *Yavae atın tekmesi pek olur* сөзбе сөз: Жуас аттың тепкені жаман болар, яғни қазақ тіліндегі «жуастан жуан шығады» деген мағыналы фразеологизмге жақын келеді.

Ит сөзі түркі тілдерінің барлығында да кездеседі. "Собака относится к числу тех домашних животных, которые играли существенную роль в быту восточных народов уже со времени раннего неолита, о чем свидетельствуют археологические данные а также обилие разного рода дополнительных наименований собаки (название пород имеющих большей частью тюркское происхождение" [4, с.74]. Жалпы ит сөзінің жағымды мағынасы қолданылуы сирек кездесетін құбылыс. Иттің адамға жасайтын қызметі жоғары бағаланғанымен, тілдік қолданысты ол жағымсыз жағынан сипаттайды. Ит сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер саны өте көп. Алайда басым көпшілігі төменгі эмоцияны білдіреді. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіне ендірілген тұрақты тіркестің біреуі ғана жағымды мағына береді. екен. Ол – "жақсы ит өлігін көрсетпейді" фразеологизм. Бұл "өзін ешкімге қорлатпайды, көз түрткі болмай шетке кетеді" деген мағынаны меззейді. Мұның дәлелі І. Кеңесбаевтың басшылығымен жарық көрген. "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде" ит сөзі 429 жағымсыз мағынасы көрсетілген.

Қазақ тілінде ит жүрек фразеологизмі қызық қуанышы жоқ, құлазуға көнген көңіл сияқты мағыналарды береді. Бұл өмірден күтер жақсылығы жоқ, басына іс түссе де ешбір қарсылықсыз мойын ұсынатын адамдарға қатысты қолданылатын тіркес. Мысалы: Сенісерге жан таба алмай, Сенделеді ит жүрек.

• Ит мінез – (ыржаны мен ашуы қатар жағымсыз қылық). Түсінігі аз, лезде ашуланып, жұрттың мазасын кетіріп, жағымсыз қылық көрсететін адамдардың мінезін ит мінез деп жататынын ауызекі сөйлеу стилінде жиі кездестіреміз. Тіркесті жеке алып қарастырғанның өзінде мұнан жеккөрушілік және жаратпаушылық сияқты эмоционалдық реңк сезіліп тұрады. Мысалы: Арылмас әдет болды күлкішілік, Ыржаң-қылжаң ит мінез деген дейін. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!

• Ит тиген арам ас (керексіз, қадірсіз). Мұсылман халқы діни сенім-нанымға байланысты итті арам жануар деп есептейді. Сонымен қатар ит иіскеп кеткен асты да арам ас деп есептеген.

Жоғарыдағы тұрақты сөз тіркесі осының негізінде пайда болған. Керексіз, қадірсіз болған заттың адамның ой-санасына жағымды әсер ете қоюы екіталай нәрсе. Салыстырсақ: Ақ Жүністей аруым, Болғаны ма мұның да, Ит тигендей арам ас.

• Ит тиген табақтай қарады деген фразеологизмін ит тиген арам ас фразеологизміне синоним бола алады десек те болады.

Ит қорлық, ит жанды, ит қылды, ит өлім, ит өмір, ит түрткі болды, иттік жасау секілді көптеген тұрақты сөз тіркесінің қайсысының болмасын түп-төркінінде қорлық, қадірсіздік пен қажетсіздік, жиіркеніштілік сияқты жағымсыз эмоция тудыратын мағыналар бар

Біз салыстырып отырған түрік тілінде ит сөзі "körek" деп айтылады. Ит сөзінің өзі бұл тілде көнерген сөздердің қабатында қалып қойған. Түрік тілінде де бұл сөздің мағыналық реңкі өте төмен. Алдамшы, қатігез, адамгершілігі жоқ адамның мінезіне қатысты фразеологизмдердің құрамында "körek" сөзі кездеседі.

• Көрегін ағзına kemik atmak: Итке сүйек тастағандай, яғни, біреуді жақтырмай жарылқаған болу деген мағына екі тілдің фразеологизмінде де сақталып отыр.

• Körekin duası kabul olsaydı gökten kemik yağardı – егер иттің тілегі қабыл болса, аспаннан сүйек жауар еді; Яғни, болмашыны армандаудың қажеті жоқ деген мағынада қолданылады.

• Körekle yatan pire ile kalkar: Сөзбе сөз: Итке жақындасаң, бүргесін жұқтырарсың. Яғни, жаманға жуысаң, бәлесі жұғар деген мағынада қолданылады.

Қорытынды: Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан төл мәдениетімен ұштасып жатқан ең қымбат дүниесі, ұлт болмысының нақты көрінісі – оның тілі. Бар қазақтың бүгінгі мол мұрасының бірі мақал мәтелдер, яғни сан ғасырлық сүзгіден өтіп, сұрыпталып, ата бабаларымыздың төрт түлікке қатысты дүниетанымынан туындап, ой елегінен өткен даналық сөздері. Мақал мәтелдер, қай тақырыпта болмасын тек өз жүйесінде ғана жүрмейді. Ол, көркем шығарманың негізгі өзегі, ақындарымыздың поэзиясының көркемдеуіш, өң беретін тілдік бірлігі. Халықтық наным сенімдер мен салт дәстүрлердің мызғымас тірегі, негізі. Төрт түлікке қатысты мақал мәтелдерден халықтың дүниеге деген көз қарасы айқын аңғарылады. Халық дүниетанымынан туындаған даналық сөздің өмір сүру формасы – "өмір – халық – мал – даналық – сөз мұра" жүйесі арқылы үздіксіз жүріп отыратын күрделі құбылыс.

Әлем бейнесін сипаттайтын тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремологиялық т.б.) жиынтығы – концепт. Төрт түлікке қатысты мақал-мәтел бүтін бір ұлттың ой өрісінің дүниетанымының ерекшелігін айқындауда зор маңызға ие концептілер ақиқат дүниені, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік беретін құбылыс. Оған дәлел ретінде "жылқы", "түйе", "сиыр", "қой" концептілерінің ішкі құрылымы арқылы ұлттың дүниетанымындағы ұғым түсініктердің танымдық мәні ұғынылады. Аталған концептілер қазақ мақал - мәтелдерінің өн бойында түрлі тілдік бірліктер арқылы көрініс тауып, халық дүниетанымын, әлемді қабылдау, тіршілікпен байланыс, жан жануарлармен қарым қатынас, пайымдау, толғау, наным сенім – негізінде көрініс тауып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобы тілдері материалы негізінде). – Алматы, 2009. -92 б.

2 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия. 1995. -184 б.

3 Меметов И.А. – Книга для чтения./ Турецкий язык. – Симферополь: Таврический экологический институт, 2002. -194 с.

4 Сетаров Д.С. (2008) Именованіе животных: принципы и типы мотивации в славянских и тюркских языках: автореферат дис. ... доктора филологических наук. – Москва, 2008. -106 с.

References:

1 Qalybaeva Q.S. Salystyrmaly türki frazeologiasy (qypshaq toby tilderi materialy negizinde). – Almaty, 2009. -92 b.

2 Kopylenko M.M. Osnovy etnolingvistiki. – Almaty: Evrazia. 1995. -184 b.

3 Memetov I.A. – Kniga dlä chtenia./ Tureski iazyk. – Simferopol: Tavricheski ekologicheski institut, 2002. -194 s.

4 Setarov D.S. (2008) İmenovanie jivotnyh: prinsipy i tipy motivasii v slavjanskikh i türkskikh iazykah: avtoreferat dis. ... doktora filologicheskikh nauk. – Moskva, 2008. -106 s.